

«АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЗЕРЕНДІ АУДАНЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ
ӘДІСТЕМЕЛІК КАБИНЕТІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«МЕТОДИЧЕСКИЙ КАБИНЕТ ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ ПО ЗЕРЕНДИНСКОМУ
РАЙОНУ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҮЙРЫҚ

2024 жыл 19.02
Зеренді ауылы

ПРИКАЗ

№ 2
село Зеренда

**2023-2024 оқу жылында
қорытынды аттестаттауды
өткізу туралы**

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына (әрі қарай Ереже), «Ақмола облысының білім басқармасы» ММ 2024 жылғы 29 қаңтардағы № 41 бұйрығына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН:**

1. Ереженің 44 тармағын орындау үшін «Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі әдістемелік кабинеті» КММ әдіскері **С.Қ. Тахтауловаға:**

- 9 сынып оқушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізу үшін әрбір оқу пәні мен оқыту тілі бойынша емтихан жұмыстарының материалдарын әзірлеушілер тобын құрсын. **Әзірлеу мерзімі: 19.02 – 29.03.2024 жыл;**

- емтихан материалдарының әрбір оқу пәні мен оқу тілі бөлінісінде сәйкестігіне сараптама жүргізетін сарапшылар тобын құрсын. **Тексеру мерзімі: 01.04 – 12.04.2024 жыл;**

- әзірлеушілер топтары сарапшылардың ескертулері мен ұсыныстарын ескере отырып, емтихан жұмыстарының материалдарын пысықтауды жүзеге асырсын. **Пысықтау мерзімі: 22.04 – 10.05.2024 жыл;**

2. Ереженің 35 тармағын орындау үшін білім беру ұйымдарының басшыларына ағымдағы жылдың 1 маусымға дейін 5,6,7,8,10-сыныптар үшін қазақ тілінен емтихан өткізуді ұйымдастыру.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау «Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі әдістемелік кабинеті» меңгерушісі А.М. Доскаринаға жүктелсін.

Басшының м.а.



А. Доскарина

000038